

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БАНК ҚЫЗМЕТІН ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒДАРЛАНҒАН РЕТТЕУ МЕН ҚАДАҒАЛАУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

*Бузаубаева П.Н.*

докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [pika\\_b@mail.ru](mailto:pika_b@mail.ru)

*Ғылыми жетекші: э.ғ.д., профессор Мақыш С.Б.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

**Аннотация.** Аталмыш мақалада автор банк қызметін тәуекелге бағдарланған реттеу мен қадағалаудың мәні, банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің маңыздылығы, тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын жаңа талаптар жайлы қарастырды.

**Кілт сөздері:** қадағалау моделі, тәуекелдерді басқару жүйелері, пайымдау институты, қадағалау ден қою, мәжбүрлеу шарасы, тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралары.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу барасында автор эмперикалық және статистикалық зерттеулерді қолданды.

**Зерттеу мақсаты.** Еліміздің банк саласын тәуекелге бағдарланған реттеу мен қадағалауға өткелі бері уәкілетті ұйым және үкімет тарапынан қандай іс-әрекеттердің орындалып жатқандығын зерделеу.

**Кіріспе.** 2019 жылы қаржы нарығын реттеуге пайымдау институтын пайдалану мүмкіндігі бар тәуекелге бағдарланған қадағалау моделі енгізілді. Осыған байланысты банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары жетілдірілді. Негізгі өзгеріс формальды талаптардан банктерге корпоративтік басқаруды және олардың қызметіне тән тәуекелдерді басқару процестерін сапалы құруға мүмкіндік беретін қағидаттарға ауысу болды.

Тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын жаңа талаптар банктерге тәуекелдерді басқару процестерін дербес енгізуге мүмкіндік береді, бұл оның сапасын тұтастай арттыруға әсер етеді және директорлар кеңесін шамадан тыс және тиімсіз басқару есептілігін қараудан босатады. Сонымен қатар корпоративтік басқаруға қойылатын жаңа талаптар директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару процесін бақылауын күшейтеді және тұтас алғанда тәуекел менеджментінің рөлін арттырады.

Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен off-take келісімшарттары бойынша болашақта түсетін ақша түрінде дебиторлық берешекті кепілге қою арқылы қарыз алушыларды/жеткізушілерді кредиттеуге мүмкіндік беретін offtake келісімшарттарын тұрақты кепіл деп тану бойынша шаралар қабылданды.

Банктердің өтімділігін тұрақтандыру мақсатында тұрақты қорландыру нетто коэффициентін (NSFR) есептеу әдістемесі қайта қаралды, оған сәйкес заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары мен талап етілгенге дейінгі салымдары операциялық депозиттер ретінде танылған, ал ұлттық басқарушы холдингтердің («Самұрық-Қазына» және «Бәйтерек») қарыздары мен Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген қарыздар тұрақты қорландыру ретінде танылған. Тұрақты қорландыру нормативімен қатар банктер 2022 жылға қарай Базель III стандарты ұсынған деңгейге жеткенге дейін қысқа мерзімді міндеттемелерді (LCR) өтеудің қажетті деңгейін қолдау жөніндегі талапты орындауды жалғастырады.

Ағымдағы буферлерге (консервациялық, жүйелік) және капитал жеткіліктілігінің ең аз мәндеріне (k1, k1-2, k2) қосымша қосылатын реттеуші буферді енгізу жолымен меншікті капитал есебінен жасырын әлеуетті шығынды капитал буферіне тану жөніндегі талапты ауыстырудан тұратын банктердің меншікті капиталында жасырын шығындарды (реттеуші провизиялар мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша провизиялар арасындағы оң айырма) тану тәсілі өзгертілді. Жаңа тәсіл активтердің сапасын бағалау қорытындылары бойынша банктер таныған әлеуетті шығындарды жабуға бағыттап, капитал бойынша қосымша қорды босатуға мүмкіндік береді және банктерге реттеушімен провизияларды толық қалыптастырудың жеке жоспарларын келісуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген бағалы қағаздар және Еуразиялық Даму Банкі шығарған теңгедегі бағалы қағаздар үшін алу көзделген. Өзгерістерге сәйкес меншікті капиталдың жеткіліктілігін есептеу кезінде Үкімет кепілдік берген бағалы қағаздар бойынша нарықтық тәуекел 0%-ға дейін сараланады. Бұдан басқа, көрсетілген бағалы қағаздар өтімділік коэффициенттерін есептеу кезінде өтімділігі жоғары активтер болып танылады, сондай-ақ оларға бір қарыз алушыға арналған шоғырлану лимиті (k3) қолданылмайды.

Банктерге, банктердің немесе банк холдингтерінің еншілес ұйымдарына «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген акцияларды сатып алу мүмкіндігі берілді.

Тәуелсіз директордың функционалына сәйкес банктің тәуелсіз директорының кейбір үлестес тұлғаларын банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар тізімінен алып тастау көзделген.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған Қазақстан Республикасының азаматтарына борыштық жүктемені төмендету бойынша уақтылы көмек көрсету жөніндегі Мемлекет басшысының Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі Ұлттық Банкпен бірлесіп азаматтардың жекелеген санаттары үшін банктерде және микроқаржы ұйымдарында 300 мың теңгеге дейінгі мөлшерде кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша берешекті өтеуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына 2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша есептелген айы-

ппұлдар мен өсімпұл сомаларын есептен шығаруды жүргізді.

Қамтамасыз етілмеген тұтынушылық кредит беру сегментіндегі тәуекелдерге банк секторының тұрақтылығын арттыру үшін кредит тәуекелі бойынша қамтамасыз етілмеген тұтынушылық қарыздарды саралаудың дифференциалды тәсілі әзірленіп енгізілді. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қарыз алушының берешек сомасына, қарыз құнына және табысты ресми (бейресми) растауға байланысты кепілсіз тұтынушылық қарыздарға қатысты банктердің меншікті капиталына жоғары талаптар белгіленеді. Көрсетілген шара банктерді кепілсіз тұтынушылық кредит беру шеңберінде агрессивті кредит саясатын жүргізуге ынталандырмайтын болады.

Сонымен қатар борыштық жүктеме коэффициентін есептеу кезінде расталған кірістері қарыз алушының ең төменгі күнкөріс деңгейінен және қарыз алушы отбасының кәметке толмаған әрбір мүшесіне ең төменгі күнкөріс деңгейінің жартысынан аспайтын азаматтарға қарыз беруге тыйым салуды қамтитын азаматтардың табысын бағалау тәсілі қолданылатын болады.

Бұл ай сайынғы төлемдерді өтеу үшін жеткілікті қаражаты бар қарыз алушыларға ғана қарыз беруді қосымша ынталандырады және банктерді мөлшерлемелерді төмендету жағына бағыттайды, бұл борыштық жүктеменің төмендеуіне де әсер етеді.

Бұдан басқа, проблемалық берешектің жинақталуын болдырмау үшін жеке тұлғалардың 90 күннен астам мерзімі өткен кепілсіз қарыздары бойынша айыппұлдарды және комиссияларды есептеуге тыйым салуды белгілеу бойынша жұмыс жүргізілді, бұл мерзімі өткен берешектің тұрақты ұлғаюына жол бермейді.

2019 жылдың соңында «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына кепіл кредитор мұндай кепілді балансқа қабылдауға келіскен; кепіл кредитор тиісті кепілді қабылдауға келісім бергенге дейін кепілдік мүліктің бағасын алған жағдайда, кепіл кредитордың бірінші кезектегі (жалақы бойынша) талаптарын банкроттың әрбір қызметкеріне 3 ең төменгі жалақы мөлшерінде, бірақ кепілдің бағалау құнынан 15%-дан аспайтын мөлшердегі төлем мөлшерін шектеуді көздейтін түзетулер енгізілді.

2019 жылы 5 мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша лицензиялық рұқсат беру қызметі шеңберінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға 146 өтініш/өтінішхат қаралды, олардың ішінде 131 мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша оң шешім қабылданды, оның ішінде:

- еншілес ұйым құруға/иеленуге/банктің және (немесе) банк холдингінің жарғылық капиталына қомақты қатысуға 5 рұқсат берілді;

- 5 лицензия берілді/қайта ресімделді (оның ішінде 2 лицензия заңды мекенжайының өзгеруіне байланысты қайта ресімделді, 3 лицензия банк атауының өзгеруіне байланысты қайта ресімделді);

- банктің/банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге 5 келісім берілді; банкті (банк холдингі) ерікті қайта құруға 2 келісім берілді;

- ерікті қайтаруға байланысты 1 лицензияның қолданылуы тоқтатылды.

Банктер және банк холдингтерінің басшы қызметкерлерінің лауазым-

дарына кандидаттарды келісу туралы 126 өтінішхат қаралды, олардың нәтижелері бойынша 113 кандидат келісілді.

Бұдан басқа, еншілес ұйымды иеленуге 4 рұқсаттың, ірі қатысушы мәртебесін иеленуге 6 келісімнің, банк холдингі мәртебесін иеленуге 5 келісімнің күші жойылды.

2019 жылы қаржы ұйымдарының мынадай хабарламалары өңделді:

- банктердің қосымша үй-жайларын, филиалдарын ашу/жабу/көшіру туралы 259 хабарлама;

- банктердің, оның ішінде бейрезиденттердің өкілдіктерін жабу/ашу туралы 5 хабарлама;

- банктер, банк холдингтері мен банктік емес ұйымдардың басшы қызметкерлері құрамының өзгеруі туралы 177 хабарлама;

- банктердің және банктік емес ұйымдардың құрылтайшы құжаттарына 32 түзету.

Сонымен қатар 2019 жылы тамызда «First Heartland Bank» АҚ-ты «First Heartland Jýsan Bank» АҚ-қа қосу нысанында «First Heartland Jýsan Bank» АҚ-ты (бұрынғы атауы – «Цеснабанк» АҚ) ерікті қайта ұйымдастыруға рұқсат беру бойынша жұмыс жүргізілді. Қадағалау органдарымен халықаралық ынтымақтастық шеңберінде шет мемлекеттің қаржы ұйымдарында жұмыс өтілі бар басшы қызметкерлер бойынша 24 жауап алынды. Тәжікстан, Қырғыз Республикасы, Румыния орталық банктерінің 6 сұратуы бойынша тиісті ақпарат жолданды.

Қадағалау қызметі бұл қадағалаудағы субъектілер қызметіндегі орын алып отырған және әлеуетті тәуекелдердің деңгейін анықтау мақсатында Ұлттық Банк ай сайын және тоқсан сайынғы негізде банктердің қаржылық жай-күйіне талдау жүргізіп тұрды.

2019 жылы банктердің, банк конгломераттарының қызметін қадағалауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша Ұлттық Банк пруденциялық нормативтерді және өзге де нормалар мен лимиттерді бұзу; жылдық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімін бұзу; төлем құжаттарын пайдаланбай ақшаны есептен шығару және төлем талаптарын орындау кезектілігін бұзу; реттеуіш меншікті капиталды дұрыс есептемеу; төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнама талаптарын бұзу; кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын бұзу; банктің Жұмыс істемейтін қарыздардың үлесін несие портфелінен 10%-дан кем деңгейге дейін төмендету жоспарын орындамауы; банктің жазбаша нұсқама нысанында қадағалап ден қою шараларын қолдану арқылы қабылдаған міндеттерді орындамауы; бір пруденциялық нормативтерді және (немесе) басқа да сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді бірнеше рет бұзу мәселелері бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазалар қолданды [1].


Олардың ішінде:

- 21 қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шарасы;

- 27 қаржылық жай-күйін жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі жазбаша ұйғарым нысанындағы шара (жазбаша ұйғарым);

- әкімшілік жаза шеңберіндегі 6 ескерту;
- банктерге қатысты айыппұл салу және өндіріп алу түрінде 41 санкция;
- 3 мәжбүрлеу шарасы (банктердің ірі қатысушыларына қойылатын талаптар).

Сонымен жоғарыдағы сипатталып өткеніндей, қадағалаушы орган тарапынан ЕДБ-ге қадағалап ден қою барысындағы қаржылық жағдайды жақсарту және тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар төмендегідей банктерге жазбаша нұсқама нысанында жасалды.



Ескерту – [3] ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған

**Сурет 1** - 2019-2021 жж. ЕДБ-ге қадағалап ден қою барысындағы қаржылық жағдайды жақсарту және тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралары (жазбаша нұсқама)

Суретте байқағанымыздай қадағалаушы орган тарапынан ең көп жазбаша нұсқаманы Capital Bank Kazakhstan АҚ-ы қаржылық жағдайды жақсарту және тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар бойынша 2019 жылы 12, 2020 жылы 10 жазбаша нұсқама алған болатын. Келесі кезекте AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк) АҚ (бұрынғы атауы-ББ "Лариба-Банк" АҚ) АҚ-ы 2019 жылы 5, 2020 жылы 11 жазбаша нұсқама алды. Сондай –ақ, «Tengri Bank» АҚ-ы 2020 жылы 10 жазбаша нұсқама алып, уәкілетті орган тарапынан 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № 80 қаулысына сәйкес лицензиядан айыру туралы шешім қабылданды [2].

Келесі кезекте қадағалаушы орган тарапынан ЕДБ-ге қадағалап ден қоюдың мәжбүрлі шаралары жайлы ақпаратты төмендегі 1-ші кестеден байқауға болады.

Кесте 1- 2019-2021 жж. Қадағалаушы орган тарапынан ЕДБ-ге қадағалап ден қоюдың мәжбүрлі шаралары

Ұйым атауы	Шешім қабылдау мерзімі	Жаза түрі	Жаза типі
«Tengri Bank» АҚ (бұрынғы атауы - «Punjab National Bank»-Қазақстан» еншілес банкі) АҚ)	30.03.2020	Қадағалап ден қою шаралары	Қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шаралары
"AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)" АҚ (бұрынғы атауы-ББ "Лариба-Банк" АҚ)	26.11.2019	Қадағалап ден қою шаралары	Қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шаралары
"Capital Bank Kazakhstan" АҚ	21.05.2019	Қадағалап ден қою шаралары	Қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шаралары
Ескерту – [3] ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған			

Жоғарыдағы кестеде байқағанымыздай уәкілетте орган тарапынан қадағалап ден қою барысында 2019 жылы 2 банкке: «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ-ы мен «Capital Bank Kazakhstan» АҚ-на және 2020 жылы 1 банкке «Tengri Bank» АҚ-на «Банктер және банк қызметтері туралы» ҚР-сы заңының 47-1 бабына сай (қадағалап деп қоюдың мәжбүрлеу шаралары) ірі қатысушысына талап қойылды. Уәкілетті ұйым тарапынан аталмыш шаралардың орындалуына ЕДБ-ге 1 ай уақыт берілді [3].

Қашықтан қадағалау шеңберінде банк қызметінің тұрақтылығына елеулі әсер ететін мынадай факторлар анықталды:

- банктердің ақырғы меншік иелерінің айқын болмауымен, мәмілелердің күмәнділігімен, қарыз алушылардың кредитке қабілеттілігі мен төлем қабілеттілігі, сондай-ақ қарыздың нысаналы пайдаланылуы туралы ақпараттың болмауымен, тұрақты қамтамасыз етудің болмауымен не бірнеше қарыз алушыға ортақ қамтамасыз етудің болуымен, қаржыландыру құрылымының белгілі түрге жатпауымен ерекшеленетін банктермен жанама байланысты тұлғаларды кредиттеуі;

- жекелеген қарыз алушылардың несиелік берешектерін резервтеу деңгейінің төмендігі;

- провизияларды есептеу кезінде пайдаланылатын кепілдік қамтамасыз етудің тым арттырылған құны;

- квазимемлекеттік ұйымдардың қаражаттарынан банктерді қорландыру көздерінің жоғары тәуелділігі;

- есептелген, бірақ алынбаған сыйақылардың жоғары деңгейі; өтімділік нормативтерінің бұзылу тәуекелдері.

2019 жылы тәуекелдер дәрежесін бағалау негізінде банктердің қызметіне 2 тексеру және банктің төлемдер және төлем жүйелері туралы қолданыстағы заңнаманы сақтау мәселесі бойынша клиенттің шағымына байланысты және банктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарын сақтауы тұрғысынан Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өтініші бойынша банктерді жоспардан тыс 2 тексеру жүзеге асырылды.

Бұдан басқа, құқық қорғау және мемлекеттік органдардың 15 қаулысының негізінде Ұлттық Банктің қызметкерлері мынадай: кредит беру кезінде заңдылықты айқындау және құқықтық нормаларды сақтау, банк заңнамасын сақтау, кредиттік қаражатты беру кезіндегі алаяқтық әрекеттер, аса ірі мөлшерде ақша қаражатын ұрлау, мүлікке құқықтарды алдау жолымен иелену және басқа (қызметкерлерді тарту мерзімі бір ай және одан жоғары) мәселелер бойынша қорытынды беру үшін мамандар ретінде тартылды.

Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша 2019 жылы қадағаланатын субъектілерге қатысты Қазақстан Республикасының банк заңнамасын бұзу; халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес активтер мен шартты міндеттемелер бойынша қосымша провизиялардың (резервтердің) қажетті деңгейін қамтамасыз етпеу; халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес емес қаржылық есептілікті жасау; дәйексіз есептілікті, мәліметтер мен ақпаратты ұсыну; тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жеткіліксіз ұйымдастыру мен бағалау; баланстан тыс шоттардағы қалдықтарды дұрыс есепке алмау және басқа мәселелер бойынша жазбаша нұсқамалар түріндегі 6<sup>20</sup> қадағалап ден қою шарасы; және ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзу; кредиттік бюроға мәліметтерді уақтылы ұсынбау; клиентпен жасалған шартта шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесін көрсету жөніндегі міндетті банктің орындамауы мәселелері бойынша әкімшілік айыппұл түріндегі 96 әкімшілік жаза қолданылды.

Есеп беру кезеңінде банктерге салынған әкімшілік айыппұлдардың жалпы мөлшері тексеру нәтижелері бойынша 30,2 млн теңгені, оның ішінде соттың қарауына берілген 18 әкімшілік іс бойынша 11,9 млн теңгені құрады.

2019 жылы Ұлттық Банк банктер активтерінің сапасына тәуелсіз бағалау жүргізу мақсатында келесідей жұмыстар жүргізді. Бағалаудың айқындығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін тәуелсіз консультантты және аудиторларды тарта отырып, оны бірлесіп өткізу туралы шешім қабылданды; Oliver Wyman Limited (консультант) халықаралық тәуелсіз консультациялық компаниясы және 6 тәуелсіз аудиторлық компания (KPMG, Deloitte, PWC, EY, Grant Thornton, BDO) (аудиторлар) таңдалды.

Консультантпен бірлесіп банк секторы активтерінің 87%-ы тиесілі 14 ірі банктен тұратын бағалауға қатысушы банктердің тізбесі айқындалды және жарияланды. Іріктеудің негізгі өлшемшарттары активтердің абсолюттік шамасы және активтердегі кредиттік портфельдің үлесі болды.

Консультантпен бірлесіп Еуропалық орталық банктің 2014-2018 жылдардағы әдіснамасы негізінде бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулық әзірленді және жарияланды, ол бірыңғай халықаралық сапа стандарттарын сақтауға кепілдік береді және халықаралық қоғамдастық тарапынан бағдарлама нәтижелеріне деген сенімді қамтамасыз етеді. Бұл ретте Еуропалық орталық банктің әдіснамасы заңнама ерекшелігі мен Қазақстан Республикасы банктерінің бизнес процестері ескеріле отырып түзетілді.

2019 жылғы тамыз-желтоқсанда Ұлттық Банк консультантпен және аудиторлармен бірлесіп 14 банкке тексеру жүргізді. Осы бағалау 2019 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банктердің баланстарындағы активтердің құнын көрсету дәлдігін бағалауды білдіреді және нұсқауға сәйкес бағалауды іске асыру сапасын бір мезгілде бақылай отырып, 9 жұмыс бөлігінен тұрады. Жұмыстың негізгі бөліктері бухгалтерлік есептің процестерін, саясаттары мен тәжірибелерін талдау, кредиттік досьелерді талдау, кепілдік және жылжымайтын мүлікті бағалау, ұжымдық резервтеуді талдау болып табылады, бірақ, жұмыстың барлық бөліктері бір-бірімен өзара байланысты және қандай да бір жұмыс бөлігінсіз орындалуы мүмкін емес.

Бағалау жүргізудің ұйымдық құрылымы үш қорғаныс желісінен тұрды: бірінші желі – аудиторлар; екінші желі – Ұлттық Банктің инспекторлары; үшінші желі – консультанттың және Ұлттық Банктің қызметкерлерінен тұратын бағалау бағдарламасын басқарудың орталық офисі. Бағалау бағдарламасын басқарудың орталық офисі барлық банктер үшін бірізділік пен тең жағдайларды қамтамасыз етуді бағалауға қатысушы банктер мен аудиторлар жұмыстарының сапасын жүйелі түрде мониторингтеу және бақылау, барлық қатысушы тараптармен күнделікті байланысты қолдау және барлық тараптарға бағалау нұсқауын түсіндіруге қатысты 1,5 мыңнан астам сұраққа түсіндірме беру арқылы жүзеге асырды. Жалпы жобаға 1 консультациялық компания, 6 аудиторлық компания, 14 банк, 70-тен астам бағалау компаниясы қатысты. Қатысушылардың жалпы саны 600-ден астам сарапшыны құрады.

Ұлттық Банк бағалауға деген сенімді нығайту мақсатында консультантпен бірлесіп 2019 жылғы 30 желтоқсанда баспасөз брифингін өткізді, онда жүйелік деңгейдегі бағалау нәтижелері мен бұдан былайғы қадамдар ұсынылды, сондай-ақ бағалаудың аяқталғаны туралы баспасөз релизі және жүйелі деңгейдегі нәтижелермен есеп жарияланды. Бағалаудың барлық нәтижелері екі санатқа бөлінді: реттеушінің қолданыстағы бухгалтерлік есеп практикасына консервативтік көзқарасы тұрғысынан нәтиже және тәуекелдерді пруденциялық тұрғыдан толық жабу көзқарасы тұрғысынан нәтиже. Бағалау нәтижелері капиталға әсер етуге алып келуге немесе банктердің қаржылық есептілігінде көрініс табуға міндетті емес. Біріншіден, бағалау әдіснамасында бухгалтерлік есеп стандарттарының ережелерін қолдануды реттеушінің түсіндіруіне пруденциялық тәсілде көрсетілген консерватизмнің белгілі бір үлесі берілген. Екіншіден, бағалау бағдарламасы нәтижені есепті күнге (2019 жылғы 1 сәуір) бағалайды, одан кейін банктердің портфелінде өзгерістер болуы мүмкін [4].

Зерттеу нәтижесі. Қаржы ұйымдарын қалыпқа келтіру бойынша 2019



жылы Ұлттық Банк 2017 жылы іске қосылған Қазақстан Республикасының банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы шеңберінде іс-шаралар жоспарын банктердің орындауын мониторингтеу бойынша жұмысты жалғастырды. Көрсетілген Бағдарламаға сәйкес бес банкке («Еуразиялық банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Цеснабанк» АҚ, «Банк Центр-Кредит» АҚ, «Bank RBK» Банкі» АҚ) жалпы сомасы 653,7 млрд теңгеге қаражат бөлінді. Қатысушы банктер проблемалық берешекті шектеу мақсатында Бағдарламаға кіргеннен кейін жалпы сомасы 767 млрд теңге болатын қарыздар бойынша қосымша провизиялар қалыптастырды. Шығындарды өтеу үшін жеткілікті көлемде провизияларды қалыптастыру жөніндегі міндеттеме-лерді Қаржы ұйымдарын қалыпқа келтіру 2019 жылы Ұлттық Банк 2017 жылы іске қосылған Қазақстан Республикасының банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы шеңберінде іс-шаралар жоспарын банктердің орындауын мониторингтеу бойынша жұмысты жалғастырды. Көрсетілген Бағдарламаға сәйкес бес банкке («Еуразиялық банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Цеснабанк» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Bank RBK» Банкі» АҚ) жалпы сомасы 653,7 млрд теңгеге қаражат бөлінді. Қатысушы банктер проблемалық берешекті шектеу мақсатында Бағдарламаға кіргеннен кейін жалпы сомасы 767 млрд теңге болатын қарыздар бойынша қосымша провизиялар қалыптастырды. Шығындарды өтеу үшін жеткілікті көлемде провизияларды қалыптастыру жөніндегі міндеттемелерді орындағаннан кейін «Bank RBK» Банкі» АҚ және «Цеснабанк» АҚ (тиісінше 2018 және 2019 жылы) мерзімінен бұрын Бағдарламадан шықты.

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша құрылған провизиялар есебінен банктердің балансынан жалпы сомасы 959 млрд теңгеге проблемалық қарыздар есептен шығарылды, оның ішінде 769 млрд теңге – іс-шаралар жоспарына енгізілген қарыздар.

Банктер сондай-ақ активтердің сапасын жақсарту және Іс-шаралар жоспарына енгізілген проблемалық қарыз алушылардың берешегін қайтару бойынша іс-шаралар жүргізуде. Жалпы сомасы 1,3 трлн теңгеге қарыздар бойынша іс-шаралар, оның ішінде 747 млрд теңгеге қарыз алушылардың берешегін қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру, 251 млрд теңгеге қосымша кепілдерді қабылдау, 210 млрд теңгеге қарыздарды өтеу, 8 млрд теңгеге қарыздарды сату жүзеге асырылды.

2018-2019 жылдар аралығындағы кезеңде банктер берген қайта құрылымдауды есептемегенде, жаңа қарыздардың көлемі 2,9 трлн теңгені құрады. Олардың ішінде жаңа жобалар мен жаңа қарыз алушылар – заңды тұлғаларды кредиттеуге берілген қарыздар көлемі 1,4 трлн теңгені құрады. Жеке тұлғаларға жаңа қарыздар беру 1,5 трлн теңгені құрады. Ұлттық Банк банктер беретін жаңа ірі қарыздардың іс-шаралар жоспарларының талаптарына сәйкестігіне қашықтан мониторингтеуді жүзеге асырады [5].

Қорытынды. Жалпы банк саласын тәуекелге бағдарланған реттеу мен қадағалау моделіне өткелі бері қаржы нарығын реттеуге пайымдау институтын пайдалану мүмкіндігі енгізілді. Осыған байланысты банктер үшін тәуекелдерді

басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары жетілдірілді. Негізгі өзгеріс формальды талаптардан банктерге корпоративтік басқаруды және олардың қызметіне тән тәуекелдерді басқару процестерін сапалы құруға мүмкіндік беретін қағидастарға ауысу болды.

Тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын жаңа талаптар банктерге тәуекелдерді басқару процестерін дербес енгізуге мүмкіндік береді, бұл оның сапасын тұтастай арттыруға әсер етеді және директорлар кеңесін шамадан тыс және тиімсіз басқару есептілігін қараудан босатады. Сонымен қатар корпоративтік басқаруға қойылатын жаңа талаптар директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару процесін бақылауын күшейтеді және тұтас алғанда тәуекел менеджментінің рөлін арттырады. Сондай-ақ, Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен off-take келісімшарттары бойынша болашақта түсетін ақша түрінде дебиторлық берешекті кепілге қою арқылы қарыз алушыларды/жеткізушілерді кредиттеуге мүмкіндік беретін off-take келісімшарттарын тұрақты кепіл деп тану бойынша шаралар қабылданды.

Сонымен қатар, банктердің өтімділігін тұрақтандыру мақсатында тұрақты қорландыру нетто коэффициентін (NSFR) есептеу әдістемесі қайта қаралды, оған сәйкес заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары мен талап етілгенге дейінгі салымдары операциялық депозиттер ретінде танылған, ал ұлттық басқарушы холдингтердің («Самұрық-Қазына» және «Бәйтерек») қарыздары мен Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген қарыздар тұрақты қорландыру ретінде танылған. Тұрақты қорландыру нормативімен қатар банктер 2022 жылға қарай Базель III стандарты ұсынған деңгейге жеткенге дейін қысқа мерзімді міндеттемелерді (LCR) өтеудің қажетті деңгейін қолдау жөніндегі талапты орындауды жалғастырады.

#### **Әдебиеттер:**

1. ҚР Ұлттық Банкінің ресми ақпараттық сайты. ҚР Ұлттық Банкінің 2019 жылғы жылдық есебі. file:///C:/Users/77024/Downloads/Қазақстан%20Республикасы%20Ұлттық%20Банкінің%202019%20жылғы%20Жылдық%20Есебі.pdf
2. ҚР-ның Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ақпараттық сайты. «Tengri Bank» АҚ-ты лицензиядан айыру туралы мәлімдемесі <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/press/article/details/22432?directionId=789&lang=kk>
3. ҚР-ның Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ақпараттық сайты. ЕДБ санкциялар және ықпал ету шаралары бөлімі. <https://finreg.kz/?docid=3235&switch=kazakh>
4. ҚР-ның Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ақпараттық сайтынан. ҚР-ның ЕДБ активтерінің сапасын бағалау нәтижелері бойынша қорытынды есеп, 2020 ж. ақпан. <https://finreg.kz/cont>
5. ҚР Ұлттық Банкінің ресми ақпараттық сайты. ҚР Ұлттық Банкінің 2019 жылғы жылдық есебі. file:///C:/Users/77024/Downloads/Қазақстан%20Республикасы%20Ұлттық%20Банкінің%202019%20жылғы%20Жылдық%20Есебі.pdf